

"Қазақстан Республикасының кәсіптік-техникалық оқу орындарының өндіріс шебері туралы Ережені бекіту"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Б Ұ Й Р Ы Ғ 15 маусым 1994 ж. N 237 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 52. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 348 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.07.20 N 348
Бұйрығымен.**

1. Қазақстан Республикасының кәсіптік-техникалық оқу орындарының өндіріс шеберінің Ережесін бекітемін. 2. ССРО Мемлекеттік кәсіптік-техникалық білім комитетінің 1988 жылғы "5" наурыздағы N 42 Бұйрығы "ССРО Мемлекеттік кәсіптік-техникалық білім комитетінің кәсіптік-техникалық оқу орындарының өндіріс шебері туралы ережені бекіту". Өз күшін жойды деп табылсын. 3. Бұл бұйрық Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің негізгі құжаттарының тізбегіне енгізілсін. Министр Ереже Қазақстан Республикасының кәсіптік-техникалық оқу орындарының өндіріс шебері туралы I .

Ж а л п ы е р е ж е .

1. Кәсіптік-техникалық оқу орындарының (өндіріс шебері) өндірісте оқытудың шебері, оқушыларды өндірісте оқытудың негізгі үйымдастыруышы.

Өндіріс шеберінің басты міндеті - мамандыққа даярлау, қайта даярлау және жұмысшылардың кәсіптік шеберлігін жетілдеру, олардың күрделі білім алудың және шеберлігін арттыруына, экономиялық білімін көтеру, жаңа техника мен технологияны меңгеруін, ұжымның қоғамдық өміріне белсене араласыуына қамтамасыз

е т е д і .

Ол оқушылардың өндірістік оқуын оқу жоспарымен және бағдарламасына сәйкес үйымдастыруышы. Оқушылардың алған білімін дұрыс пайдалануын, белгіленген жұмыс орындарында еңбекті қорғау тәртібін және нормаларын орындауын, оқушылардың оқуға деген ынтасын, мамандыққа сүйспеншілігінің, еңбекке және еңбек адамның құрметтеуге үйретеді.

2. Өндіріс шебері кәсіптік-техникалық оқу орындарының басқарушысының бұйрығымен жоғарғы білікті жұмысшылардан немесе орта арнаулы және жоғары білімі бар мамандардан және мамандыққа шеберлігі кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітірушілерден ең болмаса бір разряд жоғарғы болуы қажет.

Автокөлікті жүргізуге үйрететін шебердің сол автокөлікті жүргізген 3

жылдық мерзім мен қатар бағдарлама бойынша жүргізудің әдістемесі жайлы оқудан өткені туралы куәлігі болуы керек. Педагогикалық білімі жоқ шебер бір жылдың ішінде курстан өтіп педагогика, психология және өндірістік оқытудың әдістемесінен зачет тапсырады.

3. Жұмыс жағдайына байланысты шебер оқу тобына не оқу шеберханасына, лабораторияға, бөлімге, өндіріс цехына, полигонға, оқу шаруашылығына, оқушылардың өзгеріс құрамына тиісті жұмыс пен бағдарламаға байланысты бекітіледі. Оқушылардың өндірістік оқуымен тәжірибесін шебер оқу жоспарымен кестесіне байланысты өткізеді. Оқыту шеберханаларда, полигондарда және өндірістерде оқу топтарында (бригадада) 12-15 адамдармен, ал арнаулы кәсіптік-техникалық оқу орындарында - 10 адаммен өткізіледі.

4. Еңбек заңына сәйкес шебердің жұмыс уақыты бір жетіде - 41 сағат, оның құрамында: оқуға қажет оқу-жабдықтарын даярлайды, құрделі әдістемелік даярлау, өзінің даярлығы және өндірістік оқуды өткізуі, өндірісте қажет өнімді өндіруді ұйымдастыру, оқушылардың әр-түрлі жұмыстарды орындауы, оның ішінде оқудан тыс уақыты да кіреді.

Шебердің оқушыларды өндірісте оқытуының апталық жұмыс кестесі оқу жоспарын мен бағдарламаға байланысты, сонымен қатар басқа оқу тобына мамандығына сәйкес оқытуы жатады.

5. Кәсіптік-техникалық оқу орындарының басшыларының рұқсатымен шеберге қосымша ақы төленіп мына жұмыстарды істеуіне болады.

Әдістемелік комиссияны басқару, кружоктарды өткізу, оқу кабинеттерін (шеберхана, лаборатория) басқару, сонымен қатар басқа топтарды оқыту, оқудан тыс уақытында қажетті өнім өндіруге, шаруашылық ұйымдарда істеуіне болады.

6. Оқу-тәрбие ісінде істеген еңбегімен аттестацияның қортындысында, оған мына дәрежелерді беруге болады: "Жоғарғы дәрежелі шебер", "Бірінші дәрежелі өндіріс шебері", "Екінші дәрежелі өндіріс шебері", сонымен қатар белгіленген тәртіп бойынша "Қазақстанның еңбек сінірген-қызметкері" деген атақ беруге болады.

II. Шебердің негізгі міндеттері.

7. Өндіріс өнімін арттыру мақсатында оқушылардың мамандық алуын, нарықтық талаптарға сай тәрбие, білім және біліктілігін квалификациялық мінездеме және өндірістік оқытудың бағдарламасына сәйкес шебер қалыптастырады.

Толық және тиянақты түрде өндірістік оқытудың бағдарламасын орындалуын, жаңа технологияны оқуда пайдалану, өндіріс заттарын шығару ісіне шебер жауптасы.

8. Оқушылар жұмыс істегендеге жаңа әдістерге үйретіп жабдықтарды

пайдалану және қызмет ету, алдыңғы қатарлы еңбек үлгілерін үйрету, энергоресурстарды және заттарды үнемдеп жұмыс істеуге үйретеді.

Оқушылардың шығарған өнімінің сапалы болуын, оларға кететін уақыт мөлшерін және өндірістік оқытудан жоспарын орындау, технологиялық тәртіппен еңбек қауіпсіздігін сақтап, стандарттын тиісті қағидаларын ескеріп, дайын бұйымдарды қабылдап, тиісті бақылау қажет.

9. Өндірістік оқудың жоспарын, есеп және есеп беру құжаттарын жүргізеді. Техникалық-заттарды және сабакқа қажетті әдістемеліктерді, өндірістік-оқуға қажет жұмыстарды және эталондық үлгілерді даярлайды. Технологиялық құжаттарды чертеж, үлгі, эскиз т.б. даярлайды.

Училищедегі әдістемелік жұмысына белсене қатысуға тиіс.

10. Келісім шарт бойынша мемлекеттік, мемлекетке қарамайтын өндірістерде, ұйымдарда және жеке адамдарға оқушыларды уақытында жұмыс орындарында орналастырады кезекті аттестацияның қортындысына байланысты. Оларды жақсы өндіріс бригада құрамына енгізіп алдыңғы қатарлы, жаңашыл және еңбек озаттарына бекітіп береді. Оқушылардың өндірістік окуы мен тәжірибе өткізуін ұйымдастырады. Озық жұмысшылар мен мамандар жұмысты қалай істеуге дәріс беріп, оларды жұмысты ауыстыру кестесімен таныстырады. Барлық оқушыларды өндірістік-қоғам жұмыстарына араластырып еңбек ұжымдарының өндірісте шығарып жатқан бұйымдарының сапасын, ұқыптылығын және үнемділігін көріп, үйреніп өздерінің мамандығын өндірісте жетілдіре түседі.

11. Оқушылардың бұл мекемелерде жұмыс істегендегі алатын жалақыларын қадағалап уақытында оку орындарынан тиістісін және өндірісте бригада құрамында істегендегі тиісті жалақыларын алуын бақылайды.

12. Оқушыларды есептеу техникасын менгеруін, техникалық және жаңалықтар ашуға қабілетін қалыптастырып, мамандық алу шеберлігін қалыптастырады. Оқушыларды кезекті аттестацияға, жақсы мамандық алу сайысына, квалификациялық емтиханға даярлайды және өзі де араласып қатысып отырады .

Алдыңғы қатарлы педагогикалық және өндірістік тәжірибе жөніндегі ғылыми-әдістемелік нұсқауларды кең түрде оку жүйесінде пайдаланады.

13. Класс жетекшісіне әр дайым көмектесіп отырады, Қазақстанның Гербіне, Туына, Гимне қадырлеп қарауға тәрбиелейді, зандарды қабылдап, әкімдерді құрметтеуге, тәртіп сақтауға, оку орынының ішкі тәртібін және өндірістерде еңбек тәртібін қатаң сақтауын қадағалайды, оқушылардың дene тәрбиесіне көніл бөледі, Армия қатарына қызмет етуіне даярлайды, оқушыларға баға қоюына қатысады .

14. Өндірістік оку жабдықтарын техникалық нұсқауларға сәйкес күтіп жұмыс істеуге даярлайды. Шеберхананың жабдықтарын, құралдарын, әр түрлі

жабдықтарын ұқыпты сақтайды, күтеді және сабактарға даярлайды. Кәсіптік-техникалық училищенің басшыларына осы шеберхана, жабдықтарды ондау, жөндеуден өткізуге ұсыныстар береді. Ескірген жабдықтардың орнына жаңасын алыш, толықтырып отырады. Өз ұсыныстарын орындауды белсене араласып

отырады.

15. Мамандыққа даярлау кезеңінде кәсіптік-техникалық оқу орындарында өндірістерде (бірлестіктерде, ұйымдарда) оқу кезінде шеберді белгілі бір оқу тобына не шеберханаларды менгерумен қатар ол бригадалық үлгімен не басқа түрде

ұйымдастырлуы

мүмкін.

III. Шебердің ұйқылары

16. Кәсіптік-техникалық оқу орындарының экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарын талқылауға қатысады, білікті жұмысшыларды дайындаудың үздік әдістерін пайдаланады, оқу-өндірістік шеберханалардың базасын толықтырып және оның дамуын үнемі қарастырады. Оқушылардың тәжірибесін өткізу үшін өндірістер, ұйымдар, кооперативтер және жеке адамдар мен келісім-шарт жасауға қатысады.

17. Оқу орынының кеңесінде, педагогикалық кеңесте, әдістемелік ұйымдарда, жиналастырда, отырыстарда, конференцияларда оқушыларды оқыту және тәрбиелеу жөнінде жіберілген кемшіліктерді сынап, ашық түрде өз пікірін айтЫп, оқушылардың өндірістік оқуын, оқу-тәрбие жұмыстарын және әдістемелік жұмыстарды, оқу орынының басшыларының ұйымдастыру жұмыстарын және кәсіптік-техникалық оқу орындарының жоғарғы мекемелердің және басқа ұйымдарының жұмыстарын жақсарту жөнінде ұсыныстар береді.

18. Оқу жоспарларына сәйкес оқушылардың өндірістік оқуын және қоғамдық еңбек жұмыстарын орындаған жағдайда жабдықтар, құралдар істен шыққанда және еңбекті қорғау тәртібін бұзған жағдайда оқу бағдарламасына сәйкес болмаған жағдайда тоқтатуға құқылы.

Шебер өзінің шешімі жөнінде оқу орынының және өндірістердің (бірлестіктер, ұйымдар және жекелік өндірістер) басшыларына мәлімдейді.

19. Оқу ұжымдарының оқу-өндірістік қызметінде, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін, тәрбиеліктерінде жоғарғы көрсеткіштерге жеткені үшін класс жетекші мен оқу тобының активі мен бірлесіп мадақнамаға ұсынады. Кәсіптік-техникалық оқу орынының әкімшілігіне озық оқушыларды мадақнамаға немесе ішкі тәртіпті бұзғаны мен өзінің тәртіпсіздігі үшін қатаң шаралар қолдануға ұсыныс береді.

20. Кәсіптік-техникалық оқу орынының инженер-педагогтарын аттестациядан өткізгенде комиссияға оқу шеберлері бригадалар кеңестерінің атынан қатысуына болады.

21. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оку орындарының педагогтары және өндірістер мен ұйымдарды жұмысшыларды даярлайтын, қайта даярлайтын және біліктілігін көтеретін мамандар мен қызметкерлер сияқты жеке үй салу үшін қаражат алуға құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК